

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 196 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
2017-2021 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Астана 2016жыл

1-бөлім. Миссиясы және пайымы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының миссиясы—заңдарды және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және біркелкі қолданылуына жоғары қадағалау, заңдылықтың бұзылуын анықтау және жою бойынша шаралар қабылдау, сотта мемлекеттің мүддесін білдіру, сондай-ақ заңмен белгіленген тәртіпте және шамада қылмыстық қудалауды жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының пайымдауы – заңның үстемдігін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуды, азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің тиімді институты.

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау және тәуекелдерді басқару

1-стратегиялық бағыт. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін мүлтіксіз сақтауға бағытталған қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру.

1.1) Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Прокуратура адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын құқық қорғау органдарының жүйесіндегі негізгі буын болып табылады.

2015 жылы әлеуметтік-экономикалық салада заңдылыққа қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде прокурорлар 15818 тексерістерді (2014 жылы – 15 112, 2013 жылы – 23273) жүргізіп, олардың барысында 363 466 заң бұзушылықты анықтады (2014 жылы – 394 952, 2013 жылы – 452179). Олардың нәтижелері бойынша 737 ұйғарымдар орындалды (2014 жылы – 557, 2013 жылы – 813), 6 895 шағымдар қанағаттандырылды (2014 жылы – 7 306, 2013 жылы – 23273), 19 27 ұсыныстар қаралды (2014 жылы – 9 087, 2013 жылы – 20 603). Прокурорлық қадағалау актілері бойынша 414937 азаматтардың конституциялық құқықтары қорғалды (2014 жылы – 414 742, 2013 жылы – 431116), заңда белгіленген жауапкершілікке 56473 тұлғалар тартылды (2014 жылы – 55 100, 2013 жылы – 60372), 30 117 заңсыз құқықтық актілер жойылды және өзгертілді (2014 жылы – 31 631, 2013 жылы – 32867).

Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысының заңдылығын қадағалау желісі бойынша прокурорлар тәртіптік өндірісті қозғау туралы 5 762 ұсыныстар мен қаулылар енгізді (2014 жылы – 6 009, 2013 жылы – 7194). Оларды қарастырудың нәтижесі

бойынша 5684 қызметкер жазаланды (2014 жылы – 6 964, 2013 жылы – 7550), оның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзғаны үшін – 267 (2014 жылы – 502, 2013 жылы – 588). Жедел-іздігі қызметінің заңдылығын қадағалау бойынша 3397 тексеріс жүргізілген (2014 жылы – 3609, 2013 жылы – 4179). 2179 прокурорлық қадағалау актілері (2014 жылы – 2358, 2013 жылы – 2701) бойынша тәртіптік жауапкершілікке 2709 лауазымды тұлғалар тартылды (2014 жылы – 2922, 2013 жылы – 3114).

Қылмыстық жазаның орындалу заңдылығына қадағалау саласында 2014 жылы прокурорлар 70384 тексерістер жүргізді (2014 жылы – 71 151, 2013 жылы – 71303), оның барысында 12957 заңдылықты бұзу анықталды (2014 жылы – 13 182, 2013 жылы – 12797), 1 331 ден қою актілері енгізілді (2014 жылы – 1 418, 2013 жылы – 2072). Осы жұмыстардың нәтижелері бойынша тәртіптік жауапкершілікке 2 499 лауазымды тұлға тартылды (2014 жылы – 3 141, 2013 жылы – 2 934).

Заңның үстемдігін қамтамасыз ету мәселелерінде маңызды функция құқық қорғау жүйесінде прокуратураның үйлестіруші рөлі болып табылады. 2015 жылы Қазақстан Республикасы Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырыстарында 6 көкейкесті мәселе қаралды, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы (бұдан әрі – Бас прокуратура) алқасының отырыстарында 11 мәселе талқыланды.

Қазақстандық қоғам мен заңнаманың дамуының объективті жағдайларын ескере отырып, прокуратураның тікелей қатысуымен заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің жаңа заманауи үлгілері енгізілуде.

2015 жылы жаңа Қылмыстық-процестік (бұдан әрі – ҚПК) және Қылмыстық кодекстер (бұдан әрі – ҚК) қолданысқа енгізілді, оларды Бас прокуратура әзірлеген. Жаңа ҚПК-ның қолданысы өзінің оң нәтижелерін беріп үлгерді. Тергеуге дейінгі тексеру сатысын қысқарту азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуына оң әсер етеді, үлкен көлемді жұмысты жүргізуді және қылмыстық істі қозғау алдындағы іс-шаралардың қайталануын болдырмайды. Қылмыстық процеске тартылатын азаматтар саны 3 есеге төмендеді. 2015 жыл ішінде 386 мың арыз бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды (386718), ал 2014 жылы тергеуге дейінгі іс-шаралар 1262350 арыз бойынша жүргізілген болатын. Кепіл мөлшерлері екі есеге азайды, бұл осы бұлтартпау шарасын кеңірек қолдануға мүмкіндік берді. 2014 жыл ішіндегі 3711 қарсы 2015 жылдың ішінде кепіл 16217 адамға қатысты қолданылды, өсу 4 еседен астамды құрады. Атқарылатын жұмыс дамыған құқықтық жүйесі бар шет елдердегідей істердің 90%-ға жуығына қатысты кепіл қолдану тәжірибесін кеңейтуді көздейді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жеделдетілген тәртіпте аяқтау мүмкіндігі, тергеп-тексеруді 15 тәулік ішінде бітіруге және 10 966 істі сотқа жіберуге мүмкіндік берді, немесе сотқа жіберілген істер санының 17,2% (63 852). Хаттамалық нысанды пайдалану нәтижесінде 9 316 немесе 14,6% қылмыстық теріс қылықтар туралы істердің өндірісі аяқталды. Кінәні мойындау туралы мәміле институтын өз қолданысын табуда. 2015 жыл ішінде

сотқа жіберілген 63852 істің 4104 ісі бойынша кінәсін мойындау туралы мәміле қолданылды (6,4%). Келешекте тергеп-тексеру органдарына түсетін жүктеме азайтылады, және ең бастысы, түрме тұрғындарының деңгейі төмендейді деп күтілуде. «Процестік прокурор» тұлғасын енгізу қылмыстық процестің барлық кезеңінде толыққанды қадағалау жүргізуге, соның ішінде сотта мемлекеттік айыптауды қолдауға мүмкіндік беріп отыр. 2015 жыл ішінде неғұрлым өзекті және күрделі 1 267 қылмыстық іс бойынша процестік прокурорлар анықталды, олардың 731-і бойынша іс сотқа жіберілді.

1.2) Негізгі проблемаларды талдау.

Қадағалау қызметінің нәтижелері көрсеткендей, прокурорлар қабылдап жатқан шараларға қарамастан, заң бұзушылықтар әлі де көрініс табуда. Әлеуметтік-экономикалық саладағы олардың саны аз емес (2013 жылы – 452179, 2014 жылы – 394952, 2015 жылы – 363 466). Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысының заңдылығын қадағалау саласында сондай-ақ прокурорлар қылмыстық қудалау органдарының қызметінде үнемі түрлі заң бұзушылықтарды анықтайды. 2015 жыл ішінде осы бағытта заң бұзушылық фактісі бойынша 5762 ұсыныс және қаулы шығарылды (2014 жылы – 6009, 2013 жылы – 7194). Жасырылған 345 қылмыс анықталып, есепке алынды (2014 жылы – 1 524, 2013 жылы – 1712), заңсыз ұсталған 38 тұлға қызметтік бөлмелерден босатылды (2014 жылы – 459, 2013 жылы – 803).

Бір жағынан, бұл прокурорлардың белсенділігін, тексерістер мен прокуратура органдары жұмысының талдамалық тұсының сапасын көрсетеді. Сонымен бірге, бұл анықталған заң бұзушылықтардың үнемі жойыла бермейтінін не қайталанатынын көрсетеді.

Осыған байланысты, прокуратура органдарының күш-жігері нысандар мен тәсілдерді, сондай-ақ заң бұзушылықтарды іс жүзінде жоюды қамтамасыз ету және алдын алу жұмыстардың сапасын көтеру үшін қызметтің процестік негіздерін жетілдіру арқылы қадағалаудың тиімділігін арттыруға жұмсалуды тиіс.

1.3) Тәуекелдерді басқару.

Мақсатқа қол жеткізуге ықпал ететін тәуекелдердің аты	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
1	2
Мемлекеттік органдардағы құқық қолданудың бір мағыналы емес практикасы азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.	Прокуратура органдарының Үйлестіру кеңесінің, алқа мәжілісінің және басқа да ведомствоаралық жиындар мен іс-шаралардың аясында ведомствоаралық өзара іс-қимыл
Прокурорлардың Прокуратура органдары мен мекемелері қызметкерлерінің ар-намыс кодексінің талаптарын бұзуы не өзге де құқық	Прокуратура органдары мен мекемелері қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі талаптарын бұзуды, прокурорлардың өзге де құқық

бұзушылық жасауы, оның ішінде сыбайлас жемқорлық бойынша да, қоғамның прокуратура органдарына деген сенім деңгейін төмендетуі мүмкін	бұзушылықтар жасауын ескертуге бағытталған алдын-алу шаралар кешені, өз қатарларындағы сыбайлас жемқорлықтың белгілеріне қарсы іс-қимыл.
Кадрлардың тоқтамауы, білікті қызметкерлердің кетуі қадағалау жұмысын жүзеге асырудың сапасына жағымсыз ықпал етуі мүмкін	Қызмет бойынша өсу үшін ашық және объективті жағдай, жұмыс істеуге тиісті жағдай құру, ынталандыру және көтермелеу нысандарын кеңейту, тұрғын үй-тұрмыстық мәселелерін шешуге жәрдем көрсету.

2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені дамыту және жетілдіру.

2.1) Реттелетін сала мен қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Прокуратура қызметінің маңызды бағыты – мемлекеттік құқықтық статистика қалыптастыру, арнайы есептер жүргізу және осы саладағы заңнаманың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыру. Бұл функция Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетке (бұдан әрі – ҚСЖАЕК) жүктелген.

Бүгінгі күні ҚСЖАЕК статистикалық есептердің 33 нысанын жасайды және 24 арнайы есептер жүргізеді.

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесі (ҚҚА ААЖ) құрылды. Бұл бірегей бағдарламалық өнім мемлекеттік органдар мен басқа да мекемелердің, ұйымдардың 70 деректер базасынан алынған ақпарат ауқымын қамтиды (ҚҚА ААЖ-бен біріктірілген деректер базасының нақты саны 79, ол «Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланатын интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 наурыздағы № 137 қаулысына сәйкес түзетілді). ҚҚА ААЖ көмегімен құқық қорғау органдары қызметтік мақсаттарда (қылмыстық істерді тергеп-тексеру және т.б.) пайдалану үшін электрондық түрде (онлайн режимінде) шұғыл қажетті мәліметтер алады.

ҚК мен ҚПК-ны іске асыру мақсатында ақпараттық жүйе – Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – СДТБТ, ҚПК бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың СДТБТ-де тіркелуі болып табылады). Бұл жүйе – тергеуге дейінгі тексеру сатысын жеңілдету қадамдарының бірі. Бұл азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуына оң әсер етті, жұмыстың үлкен көлемін және қылмыстық іс қозғаудың алдында болатын іс-шараларының қайта жүргізілуін жойды. Нәтижесінде, қылмыстық процеске тартылған азаматтардың саны 3 есеге азайды. Егер 2015 жылы сотқа дейінгі тергеп-тексеру 386 мың арыз (386718) бойынша басталса, 2014 жылы тергеуге дейінгі іс-шаралар 1 млн. 260 мың (1262 350) түскен арыздар бойынша жүргізілген.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне

тұтынушылардың қанағаттанушылығын арттыру бойынша шаралар қабылдануда. Осы мақсаттарда бағдарламалық жасақтама түзетілді. Енді арнайы есептер мәліметтері бойынша анықтамалар беру былай жүзеге асырылады: мәліметтер жоқ болса – 10 минут ішінде, мәліметтер бар болса – «Электрондық үкімет» порталы арқылы 3 жұмыс күні ішінде. 2015 жылы ҚСЖАЕК адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есептер бойынша мәліметтердің бары не жоғы туралы 2069340 анықтаманы уақытылы берді (2012 жылы – 658 823, 2013 жылы – 1075 914, 2014 жылы – 1 613 667).

2.2) Негізгі проблемаларды талдау.

Мемлекеттік құқықтық статистика қалыптастыру және арнайы есептер жүргізу саласындағы негізгі міндет – мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәптіліктің жай-күйі туралы тиімді және жеткілікті ақпараттық қамтамасыз ету. Бұл салада құқықтық статистика субъектілерінің әкімшілік заңнаманы дұрыс қолданбауы, қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдардың анкеталық деректерін жалған жасау және басқа да факторлар салдарынан статистикалық деректерді дұрыс жасамау фактілеріне жол беріледі. Мысалы, 2015 жылы 118 мыңнан астам есептік көрсеткіштер, 2 мыңнан астам адамдардың бұрмаланған анкеталық деректері және 40 млрд. теңге мөлшеріндегі зиян сомасы сәйкес келтірілді.

Ақпараттық-техникалық мүмкіндіктердің жетілуі жағдайында құқықтық статистика жасау мен арнайы есептер жүргізуді неғұрлым жылдам жүргізуге, сондай-ақ құқық қорғау органдарының түрлі мемлекеттік органдардың базаларында қамтылған қажетті мәліметтерді алуға деген қажеттілігі артып отыр.

Осы проблемаларды шешу үшін, мемлекеттік құқықтық статистика жасау және арнайы есептер жүргізу процесін автоматтандыру, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен біріктіру, сондай-ақ өз ақпараттық жүйелерін құру және дамыту бағамдалады.

2.3) Тәуекелдерді басқару

Мақсатқа қол жеткізуге ықпал ететін тәуекелдердің аты	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
1	2
Құқықтық статистика мен арнайы есеп субъектілерінің әлсіз материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі олардың автоматтандыру мен ықпалдасуға дайын болмауына әкеп соғуы мүмкін.	Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің ықпалдастыру саласындағы өзара әрекеттестікті дамыту, туындаған проблемаларды (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің дайын еместігі) ведомствоаралық мәжілістерде қарау, олар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және уәкілетті мемлекеттік органдарға
Елдің жекелеген өңірлерінде қажетті байланыс арналарының болмауы автоматтандыру мен ықпалдасуға дайын болмауына әкеп соғуы мүмкін.	

3-бөлім. Аяны/саланы дамытудың басым бағыттары

1-стратегиялық бағыт. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін мүлтіксіз сақтауға бағытталған қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (бұдан әрі – «Қазақстан-2050» Стратегиясы) атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттілікті одан әрі нығайту мен демократияны дамыту бағыттарының бірі құқық қорғау органдарын реформалауды жалғастыру болып анықталған. Құқық қорғау қызметін жаңғыртуды жалғастыру бойынша негізгі тәсілдер Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада айқындалған.

Осы құжаттарды іске асыру онда адам құқығы есеп нүктесі болып табылатын және негізгі орынды алатын әлемдік стандарттарға жауап беретін сенімді құқық қорғау жүйесін құруға мүмкіндік береді. Осы жұмыстың көрсеткіші ретінде азаматтардың құқық қорғау органдарына сенім деңгейі айқындалған.

Негізгі заңнамалық шаралар Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылған.

Заңдылықты қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау бойынша құқықтық негіздерін одан әрі жетілдіру қылмыстық қудалау және прокуратура органдарының өкілдіктерін нақтылау арқылы жүзеге асырылатын болады. Құқық қорғау органдарының қызметін жоғарылату және ашықтығы, лайықты кадрларын іріктеу, ілгерілету үрдісінде жаңа тәсілдерді іс жүзінде енгізу жалғастырылады (меритократия қағидаты және басқалар). Тұрғындар және азаматтық қоғам институттарымен («құқық қорғау органы – қоғам – азамат» үлгісінде халықпен тікелей байланыс) өзара әрекет етуінің жаңа түрлері, білім жүйесі және құқық қорғау органдарының қызметін ғылыми қамсыздандыру әрі қарай дамиды.

2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені дамыту және жетілдіру.

Мемлекеттік құқықтық статистика жүйесі мен арнайы есептер жүргізуді дамытудың басымдығы сот, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігі мен жеделдігін арттыру болып табылады.


Бұл бағыттың маңыздылығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығымен бекітілген Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманың ережелерінен туындайды, онда қылмыстық процесс субъектілері мен соттардың ақпараттық технологияларды кеңінен енгізуі және пайдалануы көзделген, бұл олардың жұмыстарын оңтайландыруға, уақыттық және қаржылық ресурстарды қысқартуға, сондай-ақ процеске қатысушылардың істің барысы туралы хабардарлығын қамтамасыз етіп, олардың сот қорғауы мен заңды көмекке деген құқықтарын жан-жақты іске асыруға мүмкіндік береді.

Бұл мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есептер жасау процестерін автоматтандыруды, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен біріктіруді одан әрі жүзеге асыруды, сондай-ақ өз ақпараттық жүйелерін құруды және дамытуды бағамдайды.

2005 жылдан бастап, жаңа ҚК мен ҚПК-ге сәйкес, ҚСЖАЕК күштері жаңа «СДТБТ» ақпараттық жүйесін дамытуға бағытталды. Оны одан әрі дамыту электрондық нысанды толтыру арқылы, ал болашақта электрондық қылмыстық істің өзінен процесік құжаттардың үлгілерін жасау мүмкіндігін қарастырады, бұл тергеп-тексерудің бірыңғай стандарттарын құруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің бес институционалдық реформасын іске асыру жөніндегі Ұлт жоспары «100 нақты қадамның» 32-қадамы шеңберінде, «Қылмыстық құқық бұзу картасы» интернет-порталы құрылатын болады, онда барлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасалғаннан кейін бір аптадан кешіктірмей белгілеу бағамдалады. Порталдың негізгі ақпарат көзі «Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер болмақ. Портал құрылғаннан кейін жергілікті атқарушы органдар мен азаматтарда жергілікті полиция қызметтерінің есеп беру тетігін тиімді іске асыру және олардың жұмыстарының тиімділігін бағалау мүмкіндігі пайда болады.

4-бөлім. Стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысының құрылымы



5-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және нысаналы көрсеткіштер

№	Нысаналы көрсеткіш	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлш. бір.	Есепті кезең	Ағымдағы жылдың жоспары					
						2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
<p>1-стратегиялық бағыт. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін мүлтіксіз сақтауға бағытталған қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру</p>											
<p>1.1-мақсат. Заңның үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мен заңды мүдделерін қорғау</p>											
1.	Халықтың прокуратура органдарына сенім деңгейі	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	сауалнама қорытындысы	%	62,5	64	64,5	65	65,5	66	66,5
2.	Шешім шығара отырып қаралған істердің санындағы мемлекеттік билік органдары мен лауазымды тұлғалардың (бақылау-қадағалау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың) іс-әрекеттері (немесе әрекетсіздігін) мен шешімдерін даулау туралы істер бойынша сот қанағаттандырған арыздардың үлес салмағы	Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалауға жетекшілік ететін Бас Прокурордың орынбасары	стат. деректер	%	48	47,5	47	46,5	46	45,5	45
3.	Прокурорлық қадағалау актілері бойынша жойылған заң бұзушылықтардың, олардың пайда болуының себептері мен жағдайларының анықталғандарға қатысты үлесі (әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау мәселелері бойынша)	Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалауға жетекшілік ететін Бас Прокурордың орынбасары	стат. деректер	%	83	91,8	92	92,2	92,4	92,6	92,8

№	Нысаналы көрсеткіш	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлш. бір.	Есепті кезең	Ағымдағы жылдың жоспары					
						2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
4.	Қаралған шағымдарға (қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында және жедел-іздістіру қызметінің заңдылығын қадағалау мәселелері бойынша) қатысты прокуратура органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне қылмыстық процеске қатысушылардың сот қанағаттандырған шағымдарының үлес салмағы	Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында және жедел-іздістіру қызметінің заңдылығын қадағалауға жетекшілік ететін Бас Прокурордың орынбасары	стат. деректер	%	21,5	21	20,8	20,6	20,4	20,2	20
2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру және дамыту											
2.1-мақсат. Мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің тиімді және жедел жүйесін құру және дамыту											
5.	Электрондық форматта берілетін құқықтық статистикалық ақпарат пен арнайы есепке алу мәліметтері нысандарының және түрлерінің үлес салмағы	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ҚСЖАЕК деректері	%	80	85	96	98	100	100	100
6.	Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық түрде берілетін қылмыстылық және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нәтижелері туралы мемлекеттік статистикалық есептердің үлесі	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ҚСЖАЕК деректері	%	70	70	100	100	100	100	100
7.	Мемлекеттік органдардың дерек қорларымен ақпараттық өзара әрекет ету деңгейі	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ҚСЖАЕК деректері	%	92	92	93	100	100	100	100

№	Нысаналы көрсеткіш	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлш. бір.	Есепті кезең	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең				
					2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің нысаналы көрсеткіші											
8.	Саясаткерлерге қоғамдық сенім	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ДЭФ ЖБИ есебі	рейтинг-тегі орны	29	29	29	29	28	28	28
9.	Шенеуніктердің шешімдеріндегі жеңіске үміткерлік	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ДЭФ ЖБИ есебі	рейтинг-тегі орны	50	48	45	43	40	39	38
10.	Мемсекторда шешімдер қабылдаудың мөлдірлігі	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ДЭФ ЖБИ есебі	рейтинг-тегі орны	30	30	30	26	23	23	23

6-бөлім. Ресурстар

Ресурстар	Өлш. бір.	Есепті кезең	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлық кезең		
		2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
1	2	3	4	5	6	7
Қаржылық, барлығы	мың тенге	28 355 140,4	26 903 824	24 824 244	22 715 697	22 629 085
Оның ішінде:						
1.1-мақсат. Заңның үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мен заңды мүдделерін қорға						
Бюджеттік бағдарлама 018 «Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату және жоғары білімнен кейінгі білім беру»	мың тенге	1013219,2	1168 531	1 513 353	927 189	1 033 584
2.1-мақсат. Мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің тиімді және жедел жүйесін құру және дамыту						
Бюджеттік бағдарлама 015 «Құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің жедел жүйесін құру»	мың тенге	1528313,8	1 794	342 187	1 662	1 662
Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қаржылық ресурстар						
Бюджеттік бағдарлама 001 «Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру»	мың тенге	25 813 607,4	25 733 499	22 968 704	21 786 846	21 593 839
Адамы	бірлік	5606	5606	5 636	5 636	5 636